

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 16 маусымдағы шешімімен (№ 22 хаттама) бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау саясатына өзгерістер мен толықтырулар

1. 18-тармақтың 11-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«11-1) киберқауіпсіздік бөлімшесін келесі ақпаратты ұсына отырып, дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылуы туралы дереу хабардар етеді:
- бұзушылықты жою үшін қабылданған шаралар туралы (бар болса);
- субъектілердің дербес деректері туралы: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және (немесе) жеке сәйкестендіру нөмірі және (немесе) ұялы байланыстың абоненттік нөмірі.»;
2. 31-тармақтың 7) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қауіпсіздік бөлімшесін «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамындағы оқиғалар, төтенше жағдайлар және оқыс оқиғалар туралы хабардар ету регламентіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қауіпсіздік бөлімшесін ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге заңсыз қол жеткізуге байланысты оқыс оқиғалар туралы хабардар ету.»;
3. 31-тармақтың 7) тармақшасының он бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«- дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органға дербес деректер қауіпсіздігінің бұзылғаны туралы бір жұмыс күні ішінде келесілерді көрсете отырып хабарлау:
дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері;
бұзушылықты жою үшін қабылданған шаралар;
субъектілердің дербес деректері: тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және (немесе) жеке сәйкестендіру нөмірі және (немесе) ұялы байланыстың абоненттік нөмірі.
Хабарлама уәкілетті органға жазбаша немесе электрондық құжат нысанында не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қорғау іс-қимылдарының элементтері қолданылатын тәсілмен жіберіледі.»;
4. 31-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакциядағы он екінші абзацпен толықтырылсын:
«- дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге заңсыз қол жеткізуге байланысты ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы хабардар ету.»;
5. № 1 қосымшаның 4-жолының «Белгілі бір мақсат үшін дербес деректердің атауы» деген төртінші бағаны «- банктік деректемелер» деген сөздермен толықтырылсын;